

ӘОЖ 94(574)

ББК

А

Бегалиева А.К. Қазақстан тарихы (оқу құралы). – Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 280 бет.

ISBN

Оқу құралы ҚР жоғары оқу орындарының жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің тыңдаушыларына, колледж және лицей, жалпы білім беретін мектеп оқушыларына арналған. Оқу құралында Қазақстан тарихы ежелгі заманнан бастап қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтиды. Сонымен қатар тыңдаушылардың өздігінен ізденуіне арналған сұрақтар мен реферат тақырыптары, терминдер бойынша мағлұмат алу үшін глоссарий берілген.

Оқу құралы көпшілік оқырман қауымының назарына да арналған.

ӘОЖ 94(574)

ББК

А

### Пікір жазғандар:

**Махаева А.Ш.**– Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің, профессоры, тарих ғылымдарының докторы.

**Өтениязов С.К.** - Қазақ-американ, Мадрид университеттерінің профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты.

**Жаппасов Ж.Е.** - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми кеңесі шешімімен № хаттама \_\_\_\_ 2017 ж. ұсынылған

## АЛҒЫ СӨЗ

«Қазақстан тарихы» курсы ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынысымен бекітілген және іске қосылған ҚР жалпыға бірдей міндетті мемлекеттік білім беру стандарты бойынша жоғары оқу орнында оқытылады.

«Қазақстан тарихы» оқу құралы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің тыңдаушыларына, колледж және лицей оқушыларына арналған.

Пәнді оқытудың **мақсаты** ежелгі заманнан бастап қазіргі заманға дейінгі Қазақстан тарихына сипаттама беру.

Пәнді оқыту **міндеттері:**

- ежелгі Қазақстан тарихының кезеңдеріне жан-жақты сипаттау;
- орта ғасырдағы түркі қағанаттарының қоғамдық-саяси тарихына шолу жасау;
- «Мәңгілік ел» идеясының мазмұнын түсіндіру;
- Қазақстан жеріне жасалған монғол шапқыншылығын, монғол ұлыстарының құрылу тарихын көрсету;
- Қазақ хандығының тарихына қатысты оқиғаларды мазмұндау;
- Қазақстанды Ресей империясының жаулау саясатын айқындау;
- әкімшілік-әміршіл жүйенің қалыптасуын көрсетіп, КСРО құрамындағы Қазақстан тарихын сипаттау;
- тәуелсіз Қазақстан тарихын сипаттап, қалыптасқан Қазақстан тарихын талдау.

Тыңдаушылардың алатын **білімі:** көне Қазақстан тарихын, мемлекеттілік туралы түсінікті, монғол шапқыншылығын, Қазақ хандығының тарихын, Ордалар тарихын, Ресей империясының Қазақстандағы саясатын, кеңестік идеологияның ықпалын біліп, қазіргі заманғы тарихымыздың қайшылықты тұстарының кейбір көлеңкелі, мәселелерін жаңа өркениетті тәсілмен сипаттауға үйреніп, кеңестік тоталитарлық жүйенің жазықсыз жазалауына ұшыраған халқымыздың көрнекті мемлекет, ғылым мен мәдениет қайраткерлері туралы, Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі болғанын, Қазақстанның 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі туралы шешім оның сенімді дәлелі болғаны, «Қазақстан-2050», Елбасының Жолдаулары, Мәңгілік ел идеясы туралы мағлұмат алады.

**Біліктілігі:**

- «Қазақстан тарихы» пәнінің оқу жоспарына бағытталу;
- дәріс және семинар сабақтарында алған білімдерін тәжірибеде қолдану;
- тарихи кезеңдердің ерекшеліктерін көрсету;
- негізгі ғылыми терминдерге түсінік беру.

**Құзырлығы:**

- студент кешенді түрде ізденеді, тарихи ақпаратты жүйелейді;
- деректерге дербес талдау жасап, өз көзқарасын білдіреді.

## КІРІСПЕ

Тарих – физикалық үдерістер жүріп өтетін сандық уақыт емес, ол адамдық болмыс оқиғаларымен, мағыналармен және даму мақсатымен тығыз байланысты сапалы уақыт. Тарих - нақты мағыналық сұлбаны түзетін оқиғалардың уақыты. Тарихта құбылыстардың өзара байланысының себептері ғана емес, мағынасы да ерекше маңызға ие болады. Адам әлемі тарих арқылы білінеді.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Тәуелсіздіктің 25 жылы - біздің буынның уақыт өлшеміне сыймайтын теңдессіз ерлігі. Осы мерейтойлық жылда Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесіне сайлануының символдық мәні бар. Парламент қабылдаған Тәуелсіздіктің 25 жылдығы декларациясы біздің ұлы жетістіктеріміз бен жеңісімізді айшықтаған маңызды саяси-құқықтық құжатқа айналды», - деген болатын. Сонымен қатар Елбасы «Жетекші халықаралық сарапшылардың пікірі бойынша, еліміз әлемге Қазақстанның «экономикалық ғажайыбының» жарқын үлгісін көрсетті», - деп атап өткен еді. Осылайша тәуелсіздігіміздің мызғымас тұғыры бекітіліп, Мәңгілік ел болуға бетбұрыс жасалды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзінде «...біздің қасиетті жерімізді ықылым замандардан Ұлы Дала деп, ал бабаларымызды Ұлы Даланың ұрпақтары деп атаған. Біз – солардың жалғасымыз, Ұлы Даланың мұрагерлеріміз. Осынау кең байтақ Ұлы Даланың көгінде халқымыздың бақ жұлдызы болып Жаңа Қазақстан дүниеге келді. Біздің Қазақстанымыз – ұлы істердің ұйытқысы болған Ұлы Дала Елі!», - деп халқымыздың ерекшелігі Ұлы даламен сипатталатынын баса көрсетті.

Тарих – кез келген қоғамдағы өзін-өзі танудың және өзіндік идентификацияның әдісі, ал ұлттық тарих біріктіретін маңызды ролі бар және тілі, діні, рухани мәдениеті, таңбасы, дәстүрі бар біртұтас халықты құрайтын мемлекеттің негізгі факторы. Оның жаңа тарихи санасы, дүниетанымы, жеке және ұжымдық жадысы, адамдар мінез-құлқының мотивтері мен стереотиптері болып табылады.

Қазіргі кезде тарих күнделікті өмірдің, мәдениеттің, ойлаудың, халық санасының құрамдас бөлігіне айналып, сауатты қоғамның назарын өзіне аударуда. Өткен тарих өшіп қалмайды, ол әлеуметтік өмірдің жинақталған тәжірибесінде жалғаса береді. Адамдық тәжірибені жинақтау және өңдеу тарихтың бірінші міндеті. Уақыт пен кеңістіктегі адам өмірі тарих деп аталса, қоғамдық өмірдің шынайы болмысы болып табылады, ол оның барлық көрінісін қамтиды, өздігінен ештеңені алып тастай алмайды, тек шындық айтылуы тиіс. Міне, осы тұрғыдан алғанда бұл оқу құралы Қазақстан тарихынан білім алып, тарихи сананың қалыптасуына, өз еліне деген патриоттық сезімнің қалыптасуына септігін тигізеді.

# 1 ЕЖЕЛГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

## 1.1 Қазақстан тас ғасыры дәуірінде

Тас ғасыры мына кезеңдерге бөлінеді: Палеолит – ежелгі тас дәуірі (б.з.б. 2,5 млн. жылдан – 12 мың жылдыққа дейін), Мезолит – орта тас дәуірі (б.з.б. 12-5 мың жылдықтар), Неолит – жаңа тас дәуірі (б.з.б. 5-3 мың жылдықтар).

*Ертедегі палеолит* үлкен үш дәуірден тұрады: олдувай (2,6 млн – 700 мың жыл бұрын), ашель (700 мың - 150-120 мың жыл бұрын) және мустье (150-120 мың – 31-30 мың жыл бұрын). Барлық тас ғасыры кезеңінде еңбек құралдары тастан жасалды. Түрі мен сипатына қарай тас бұйымдар шапқыш, қырғыш, үшкіртас, соққыш, бұрғы, пышақ, тескір, т.б. болып бөлінді. Ежелгі еңбек құралының біріне Қаратау қыраты, Арыстанды өзені алқабында жатқан Көңірдек поселкесі жанынан табылған тік бұрышты ауыр кремний сындырғыш жатады.

Ашель дәуірінің тұрақтары Бөріқазған мен Тәңірқазған Жамбыл облысы, Талас ауданында орналасқан. Бұл жерден табылған заттарды археолог Х.А. Алпысбаев мынадай төрт топқа бөлген: бір жақты, екі жақты шапқыш құралдар; көне заманның салмақты сындырғышы; ірі-ірі кедір-бұдыр домалақ тастар. Шапқыш құралдар Оңтүстік-Шығыс Азия мен Африканың шелль-ашель дәуірінің олжасы табылған жерлеріндегі тас құралдарынан онша айырмашылығы жоқ.

Ашель дәуірінің ескерткіштері Орталық Қазақстаннан да табылған. Бұл жердегі құралдар қара және сұр жасыл түсті кремний жынысынан жасалған. Құдайкөл тұрағы Сарыарқаның теріскей-шығыс жағында орналасқан. Одан бифастар, яғни тастың екі жағын да өңдеу арқылы жасалған құралдар, жануарлар терілерін илеп, ағаш өңдеуге қолданылатын қырнауыштар, домалақ тастар табылған.

Мустье кезеңінде тас өңдеудің жаңа тәсілі пайда болды, ал кей жерлерде малтатас техникасы бұрынғыдай қолданылды. Мұндай ескерткіштер Оңтүстік Қазақстан және Орталық Қазақстан жерінен табылған. Соның біріне 1958 ж. Х.А. Алпысбаев тауып, кейіннен Ш. Уәлиханов атымен аталған көп қатпарлы тұрақ жатады. Бұл тұрақта бес мәдени қатпар бар, олардан тас бұйымдары, оттың орны, ошақтар, жылқы, қодас, ақбөкен, бұғы сияқты жануарлардың сүйектері табылған. 1984 ж. Жезқазған облысы Ақадыр ауданынан Өгізтау I, Өгізтау II, Үлкен Ақмая атты мустье ескерткіштері бар.

*Мезолит.* Палеолиттен мезолитке (грекше «мезос» - орта деген сөзден шыққан) өту дәуірі климаттағы өзгерістермен ерекше байланыста болды. Бірінші кезекте бұл мұздықтардың еруімен байланысты. Бұл кезеңде гидрографиялық желі орнығып, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің қазірге ұқсас құрамы қалыптасады. «Мамонттық» жануарлар түрлерінің жойылуы тамақ табудың бұрынғы әдістерін (қамалап аулау және т.б.) жарамсыз болып, тіршілік құралдарын қамтамасыз етудің жаңа әдістерін жедел іздестіру қажеттігін туғызды. Елеулі фауналық өзгерістер болды. Бір аймақтарда

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	2
Кіріспе.....	3
<b>1 Ежелгі замандағы Қазақстан.....</b>	<b>4</b>
1.1 Қазақстан территориясындағы тас дәуірі.....	4
1.2 Қазақ жеріндегі қола дәуірі.....	7
1.3 Қазақстан территориясындағы тайпалық одақтар.....	12
<b>2 Орта ғасырдағы Қазақстан</b>	
2.1 VI-X ғғ.ерте орта ғасырлық мемлекеттер.....	24
2.2 Дамыған ортағасырлардағы мемлекеттер (XI ғ. басы - XII ғғ.).....	30
2.3 Қазақстан монғол дәуірінде (XIII ғ. басы – XV ғ. бірінші жартысы).....	47
2.4 XIV-XV ғ.ғ. Қазақстандағы мемлекеттер.....	51
2.5 Қазақ хандығының құрылуы.....	57
2.6 XVI - XVIII ғасырдың басындағы Қазақстан.....	64
<b>3 Жаңа замандағы Қазақ елінің тарихы.....</b>	<b>74</b>
3.1 Тәуке хан тұсындағы Қазақ хандығы.....	74
3.2 Жоңғар шапқыншылығына қарсы қазақ халқының күресі.....	79
3.3 Патшалық Ресейдің Қазақстанды жаулап алуының басталуы.....	84
3.4 Кіші жүз қазақтарының патша үкіметінің отарлау шараларына қарсы күресі.....	94
3.5 Ұлт-азаттық жолындағы көтерілістер.....	100
3.6 XIX ғ. екінші жартысындағы Қазақстанның саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайы.....	116
3.7 XX ғасырдың басындағы Қазақстан.....	129
<b>4 Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы</b>	
4.1 Қазақстан Қазан төңкерісі мен азамат соғысы жылдарында (1917-1920 жж.).....	140
4.2 Қазақстан кеңестік тоталитарлық жүйенің қалыптасу кезеңінде (1921-1939 жж.).....	151
4.3 Қазақстан Екінші дүниежүзілік соғысы жылдарында.....	166
4.4 Соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстан (1946-1970 жж.).....	176
4.5 1971-1990 жж.Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси даму.....	187
<b>5 Тәуелсіз Қазақстан</b> .....	<b>198</b>
5.1 Қазақстанның тәуелсіздігінің жариялануы және ТМД-ның құрылуы.....	198
5.2 Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы.....	208
5.3 «Нұрлы көш» бағдарламасы және отандастардың тарихи отанына оралуы.....	218
5.4 Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси дамуы.....	226
5.5 Қазақстан - әлемдік қауымдастықта.....	236
5.6 Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы.....	243

<b>Қорытынды.....</b>	<b>258</b>
<b>Әдебиеттер.....</b>	<b>259</b>
<b>Қосымшалар.....</b>	<b>263</b>